

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 211 – 214

UDC 811.512.122.37

A.N. Nazarova

Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
zaure567@yandex.ru

LINGUOCULTURAL CHARACTERISTIC OF A GENDER CONCEPT “MAN”

Abstract. In the modern scientific research the national language of any people is used as the instrument of relationship in everyday life in the society. At the same time, it is considered as the main component and an indicator of public and social system, and also as the tool of the reorganization of the society, information systems and as the mechanism of regulation of the interpersonal relations. Various aspects of language are studied comprehensively as the instrument of information transfer from generation to generation, and also as collective experience of collective linguocultural association. In this article a concept “man” has been researched as the set phrase. Various examples of language applied in fiction were given. Thereby the substantial party of a concept “man” reveals.

Key words: man, linguoculturology, concept, gender, structure of language, national spirit, national traditions, customs, linguistic competence, examples of the speech.

Ә. Н. Назарова

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультеті,
Қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты

«ЕР» ГЕНДЕРЛІК КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Аңдатпа. Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерде кез келген халықтың ұлттық тілі қарым-қатынас құралы ретінде адамның қатысымдық әрекетінің компоненті және қоғамдық-әлеуметтік жүйенің басты көрсеткіші, қоғамды жанаша құрудың, ақпараттық байланыс пен тұлғааралық келісімді оңтайластырудың құралы, әлеуметтік қатынастарды бекітудің амалы тұрғысынан сарапталады. Лингвомәдени қауымдастықтың ұжымдық тәжірибесін жинақтаушы, сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы құрал ретінде тіл қабаттары жан-жақты зерттелуде. Мақалада «ер» концептісі тұрақты сөз тіркестері тұрғысынан қарастырылады. Көркем әдебиет кейіпкерлері тілінен мысалдар келтіріліп, «ер» концепті мағыналық тұрғыдан ашылады.

Кілттік сөздер: ер, лингвомәдениеттану, концепт, гендер, тіл құрылымы, ұлттық рух, ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрып, лингвистикалық құзыреттілік, сөйлеу үлгілері.

Антропоцентрилік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен аста-сып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. ТМД елдерінде гендерлік топшылаулар, ойтұжырымдар 1990 жылдарда пайда бола бастады. Ресейде М. Арутюнян, Т. Рурко, А. Клецин, О. Воронина, Т. Клименкова, В. Бодрова т.б. зерттеушілер гендерлік бағытты дамытты. XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап гендерді лингвистикамен байланыста қарастырган ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. Зерттеуші А.В. Кирилина өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» XX ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап гендерлік зерттеулерге арналған еңбектер

көбейе түсті. Тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым – гендерлік лингвистика пайда болды. Гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж. Лакофф, Д. Спендер, О. Есперсон, орыс лингвистері А.В. Кирилина, М.А. Китайгородская, Н.Н. Розанова елеулі үлестерін қосты. Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ. Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ. Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спенификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. «Әйел», «Ер адам» концептілері кез келген мәдениетте кездесетін концепт болғандықтан, әмбебаптық сипатқа ие. Дегенмен, бұл концептілердің белгілі бір қоғамға тән нақты ерекшеліктері де бар екені анық. «Ер адам» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «ер адам» тезаурсын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, шал сөздері мақал-мәтелдерде «еркек-ұл», «еркек-жігіт», «еркек-ер», «еркек-күйеу жігіт», «еркек-әке», «еркек-ата», «еркек-баба», «еркек-ақсақал» когнитивтік модельдерін құрады. Аталмыш ұйытқы сөздер қатысқан мақал-мәтелдерден «Ер адам» концептісіне байланысты этностық дүниетаным мен халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін аңғаруға болады. Ер адамға тән қасиеттерді халық аса бағалап-қастерлеген. Ер адамға тән ақылдылық, батырлық, өткірлік, білімділік, пысықтық т.б. қасиеттер ұлт мәдениеті шеңберіндегі «Ер адам» концептісін қалыптастырады. «Қазақ отбасында ер баланы ерекше қадірлеген, тінті оның алғашқы рет атқа мінгенін де, бір жаққа жолаушы жүргенін де, алғашқы рет шаруашылыққа араласуын да шашу шашып, қуанышпен атап өтетін, «тоқым қағар», «тырнақ алдысы» деп жақын туыстары мен көрші-қоландарын шақырып кішігірім той-томалағын жасайтын» Мақал-мәтелдердің зерттелуі, гендерлік ерекшелігі, мақал-мәтелдердегі қосымшаның қызметі бейвербалды сипаты зерттеушілер еңбектерінде қарастырылып жатыр.

Концептінің белгісі болып табылаты сөздіктерде берілген «еркек» сөзінің мағынасы мен түп төркіні, этимологиясына зер салсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсінік берілген:

«Еркек зат. 1. Ер жынысты адам. Стол басында Дәмештен басқа үш кісі – екі еркек, бір әйел» (З.Шаакин). Еркек бала. Ереке кіндікті.

2. Күйеу, жұбай, бай. *Еркегі ашу айтса, әйелі басу айтады деуші еді. Сен тіпті ердің аузы бармайтын сөзді айттың ғой. (М. Әуезов)*

Сонымен бірге «еркек» сөзімен мағыналас «ер» сөзінің екі мағынасы түсіндірілген.

Ер зат. Адамның еркек жыныстылары, еркек азамат. Ерден әйел жамандық та алады, қасиет те алады (М. Әуезов). Ер бала. Ұл. *Ер* сын. Батыр, қаһарман, жаужүрек. Бекежанның басында батырларда, елдерде болатын мінездің бірі де жоқ» (Қ. Жұмалиев)» (386 бет)

Еркек/ер сөзінің этимологиялық мағынасы көне дәуірлерден, яғни шумерлік кезеңнен бастау алады. Ежелгі шумер тілінде ER-IR көне түркі тілінде ER 1) еркек; 2) күйеу, жұбай 3. күйеу, қаһарман, батыр» ERIN «әскер» - көне түркі тілінде eḡan «Күйеу, еркек, жауынгер, жасақшы» Тілімізде ер\еркек гендерлектісінен туындаған сөздер мен сөз тіркестері ер азамат, күйеу, ер, батыр мағыналарынан өрбиді. Мысалы: Еркек гендерлектісімен: еркек басыңмен, еркек бола тұрып, еркек атаулы, еркек біткен, еркек мінез, еркекше, еркексіз үй, еркек болмаған жерде, еркектік, т.б.

Ер гендерлектісімен: еңіреген ер, ер басына күн туды, ердің құны, ер жетті, ержүрек, ер мінезді азамат, ер кезегі үшке дейін, ер келбетті, көзсіз ер, ердің ері, ер азаматтық борыш, т.б.

Тіл мәдени болмыстың бітімі. Ол тек дыбыс пен таңбаның бірлігі емес, ең маңыздысы – мәдени сабақтастықтың құралы. Әрбір этномәдени жүйеде ауызша және жазбаша мәдени кодтардың ара салмағы нақтылы тарихи жағдайларға қатысты. Ауызша мәдениетте ол мәтін-код, салт-дәстүр рәсімдері мен таңбалары, фольклор арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Халық ауыз шығармашылығындағы туындыларда бейнеленген дүние мен адам туралы қабылдау ұлттық мәдени ерекшеліктерге ие. Айталық, қиял гажайып ертегілеріндегі (Жоя мерген, Аргы мерген, Таласпай мерген, Сұр мерген) аңшы-мерген образы өте ертедегі батыр бейнесін суреттейді, ол белгілі бір дәрежедегі идеалды ежелгі адамдар қауымындағы еркектің тұжырымдық түпталғасын жасауға негіз болады.

«Еркектің ментальді образы мен осы образдың қабылдануы белгілі бір тарихи кезеңдер мен хронологиялық дәуірлерде әр түрлі болғанын шамалау керек» дейді Б.Тілеубердиев.

Сонымен «еркек» концептісінен ежелгі қатпар мифологиялық батырдың көптеген қасиеттеріне ие «мерген, батыр» бейнесі ерекше бөлінін көрінеді.

Кейінгі тарихи дәуірде батыр бейнесінде жаңа қасиеттер пайда болды. Мұны ғалымдар ертедегі батырлардың ментальді образға ауысуын зерттеушілер аңшы-мерген образынан туындайтын алғашқы қауымдық дәстүрді ауыстырған патриархаттық феодалдық дәуірмен байланыстырады.

Бұл жөнінде С.А. Қасқабасов былай деп жазады: «Қазақтардың сыртқы және ішкі жаулармен ұзақ мерзімді соғыс жүргізген патриархаттық-феодалдық дәуірде құбыжықтарды жеңуші бұрынғы «жеңімпаз батыр, «жауынгер» қасиеттерін иеленді, «батыр-мерген, батыр-аңшы» енді батыр жауынгерге айналып құбыжықтар тұтқынындағы әлсіз қыздарға емес, өз ауылы мен бүкіл рудың қорғанышы атанды. Олармен қақтығысу кезеңінде іс батырдың қарындасын немесе әйелін ұрлап кетумен шектелмейді. Жау ауылды қиратып, батырдың руластарын тұтқындап, малын әкетеді, осы кезеңнен кейін батыр өз туыстарын қорғау мен азат ету үшін жаумен ауыр шайқасқа шығуға мәжбүр болады».

Сөйтіп руды қорғаушы, батыр, жауынгер, образына сәйкес келетін, еркектің батыр образы қалыптасқан.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі кейбір ертегілер мен эпостық жырларда, батырлық эпостарда антропонимдердің алдына «ер» гендерлектісімен тіркесіп келген есімдер кезесіп отырады: Ер Қосай, Ер Қодар, Ер Тарғын, Ер Көкше, Ер Төстік, Ер Сайын, т.б.

Р. Сыздық «қолына қару ұстап, ел қорғауға немесе ел жаулауға аттанатын адам, батыр, әскери адам» бейнесін «азамат», «шора» сөздерінің мағынасымен байланыстыра отырып талдайды: «Заман озған сайын «азамат» сөзінің мағынасы өзгерген. Өткен ғасырларда бұл сөз «жалпы ересек адам, ер адам дегенді білдіргенін сол кездегі сөздіктер көрсетеді. Бұл күні «азамат» сөзі ресми «жолдас» сөзімен синонимдес болып қолданады».

Өткен дәуірлерде ер адамның ер жүректілігі, батырлық, қаһармандық қасиеттері бағаланса, көшпелі кезеңде жігіт гендерлектісін этикалық, эстетикалық қырынан таныту басты рөл атқара бастады.

Жігіт – ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат, бозбала. Кейбіржігіт жүреді мақтан сөйлеп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық (А. Құнанбаев)

Жергілікті тіл ерекшеліктерінде бозбалдақ, боздақ, дондықша жас жігіт мағынасында, қосшы бала жігіт мағынасында жұмсалады.

Жігіт сөзінің ертедегі, алғашқы мағынасы өзгешерек болған. Орхон-Енсей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін немесе Тоныкөк жазуларына көңіл аударсақ, «ігід» сөзін оқып, қолдау, көтермелеу деген түсінік аламыз. Ал Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» «ігід» - тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру мағыналарына ие. Осы деректерге қарағанда, қазіргі қолданып жүрген «жігіт» сөзінің алғашқы мағынасы «қолдау, көтермелеу», одан бертін келе «өнеге беру, тәрбиелеу» мағынасына жетін, ой-өрісі қалыптаса бастаған адамға айтылатындығын көріп отырмыз.

Жігіттің гендерлік бейнесі жастықтың, адамгершіліктің ұлттық өлшемдерімен егіз өріледі. Мұны сипаттайтын тілдік бірліктер жігіттікті рәміздейтін гендерлік концепт төңірегінде орналасқан.

«Жігіттік» концептісінде бастапқы ұғым – жастық кезеңмен, жас ерекшелігімен байланысты өрбіген гендерлектілер: жігіт болу, жігіт-желең, бозбала, бала жігіт, жасөспірім жігіттер, балаң жігіт, жас жігіт, жігітше, жігіт болғансу, дүр жігіт, ер жігіт т.б.; аралық ұғым – некелік және туыстық жағдайынан туындайды: бойдақ жігіт, үйленген жігіт, күйеу жігіт, күйеу бала, өкіл күйеу, жігіттің үш жұрты, т.б.

Ерге байланысты гендерлік мақал-мәтелдердің келесі тобы оның ерлік қасиеттерін, батыр тұлғасын дәріптейді: Ердің аты - ер: Ер - қайыспас кара нар; Ердің ері - егеудің сынығы; Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, Ер басына күн туса, етігімен су кешер; Ермен жауласпа, елмен дауласпа; - Ер - батыр: Батыр - елдің сәулеті, бал құрақ - көлдің сәулеті; Батырдың шаһары - еліне қорған; Айлалы батыр алдырмас; Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы; Батыр қол бастар, көсем сөз бастар; Батырға оқ дарымайды, батылға дау жоламайды. Батыр сөзіне қатысты Қ. Өмірәлиев мынадай пікір келтіреді: «Махамбетте ер сөзі 40-тан артық, ал батыр сөзі 5-ақ рет

қолданылған: біздің қайсар батырдың; Махамбет атты батырмын; Исатай батыр кеткелі; батыр болмақ ойдан-ды, асынбас еді біздің батырлар. Ал ер сөзінің тіркес аясы да әр тарап: ардақты ермен бірге өлсе; ер қобыланын жөнелтіп; асыл ердің баласы; азамат ердің баласы; тарығып келген ерлерге; еңіреп жүрген ер едік; кесекті ердің сойымен; мұндас ерлер болмаса; қызғыштай болған есіл ер т.б. Теғінде батыр сөзі атақ сияқты қызмет атқарып, ер сөзі жауға аттанып, майданға түскен азаматтың аты, азамат ұлдың синонимі болса керек» [3]. Олай болса батыр - ер мәртебесі; - сонымен бірге халық нағыз ерлерді қадірлей білуге шақырады: Ер елінде қадірлі, гүл жернде қадірлі; Ер қадірін білмеген, ел қадірін білмейді; асты көрсең қадір тұт, ерді көрсең қадір тұт.

Қорыта айтқанда, ұлттық рухымыздың, салт-дәстүріміздің, ұлттық болмысымыздың қайта жаңғырып жатқан қазіргі кезеңінде, ана тілін терең зерттеу, ондағы қазіргі қоғамдағы тапшылық көріп отырған құндылықтарымыз, жанұядағы, білім беру жүйесіндегі ер адамдардың орны, болашақ отансүйгіш азаматтар тәрбиелеудегі мәні мен маңызы жойыла бастаған кезде, дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерлердің орынын жаңғырту лингвистикадағы өте маңызды мәселелердің бірі деп есептейміз. Сондықтан да осы мақалада айтылған ойларымызда оның маңыздылығын дәлелдеуге тырыстық.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ә. Нұрмағамбетов. Бес жүз бес сөз. – Алматы, Рауан. – 1994-304 б.
[2] Шоқым Г.Т. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері. Филол.ғыл.докт.дис. – Алматы, 2009. – 227 б.
[3] Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 117 б.

REFERENCES

- [1] A. Nurmagambetov. Five hundred words. – Almaty, Rauan. – 1994. – 304 p (in Kaz.).
[2] Shokym G.T. Scientific bases of gender learning of the language. Diss. of Doctor of philology. – Almaty, 2009. – 227 p. (in Kaz.).
[3] Amirbekova A.B. Peculiarities of verbalization of poetic texts of concept. Diss. of PhD on philology. – Almaty, 2006. – 117 p. (in Kaz.).

УДК 811.512.122.37

А.Н. Назарова

КазНУ им.аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ГЕНДЕРНОГО КОНЦЕПТА «МУЖЧИНА»

Аннотация. В современных научных исследованиях национальный язык любого народа используется как инструмент взаимоотношений в повседневной жизни в обществе. Вместе с тем, он рассматривается, как основной компонент и показатель общественно-социальной системы, а также как инструмент переустройства общества, информационных систем и как механизм регуляции межличностных отношений. Различные аспекты языка изучаются всесторонне, как инструмент передачи информации от поколения к поколению, а также в качестве собирательного опыта коллективной лингвокультурной ассоциации. В данной статье концепт «мужчина» рассматривается как устойчивое словосочетание. Приводятся различные примеры языка, применяемые в художественной литературе. Тем самым раскрывается содержательная сторона концепта «мужчина».

Ключевые слова: мужчина, лингвокультурология, концепт, гендер, структура языка, национальный дух, национальные традиции, обычаи, лингвистическая компетенция, примеры речи.